

**С.Сейфуллин атындағы
№80 мектеп-гимназиясының
Әлеуметтік педагогтердің
жылдық есебі.**

Әлеуметтік педагог: Жасұзақ А.Қ., Жарменова Д.Е.

**2024-2025
Астана қаласы**

Әлеуметтік педагогтердің жарты жылдық есептері

АНЫҚТАМА

2024-2025 оқу жылында басында 2315 оқушы, оның ішінде толық отбасы-1746, толық емес – 526, көп балалы отбасы – 574, жетім балалар – 7, аз қамтылған оқушылар – 88.

№80 мектеп-гимназиясының Қамқоршылық кеңесінің отырысында жаңа жылдық сыйлықтар беру туралы талқыланды. Ол бойынша мүмкіндігі шектеулі, инвалид, үйде оқитын, күнкөріс деңгейі төмен, жағдайы нашар, көп балалы отбасынан шыққан оқушыларға беру шешімі қабылданды. Жалпы 27 оқушыға жаңа жылдық сыйлық (кулек) берілді. Оның ішінде 16 үйде оқитын оқушы, 7 жетім оқушы, 15 көп балалы, аз қамтылған, мүмкіндігі шектеулі отбасынан шыққан оқушыларға берілді.

Демеуші Еуразия банкі берген сыйлықтар инвалид оқушылар -5, жалғыз басты, көп балалы, аз қамтылған отбасылар -5.

Гаппарова Мажина есімді жеке кәсіпкер тарапынан берілген сыйлықтар мүгедектігі шектеулі 10 оқушыға берілді.

Қазан айында 1-11 сыныптар аралығында «Қайырымдылық акциясы» ұйымдастырылып, 50 отбасы, оның көп балалы, аз қамтылған, мүмкіндігі шектеулі оқушыларға жаңа жылдық тәтті кәмпиттер жиынтығынан сыйлықтар берілді.

Жалпы мектеп бойынша –72 оқушыға сыйлық берілді

Мектептің мұғалімдер тарапынан да көмек көрсетілді: Данаш Ойратовна, Гулзина Ам ирхановна, Алия Джамагатовна, Марат бейсенбаевич, Ақжарқын Қабылбекқызы, Алия Кадырбаевна қамқоршылық кеңесінің мүшесі Идрисова Асем, Алмасова Айжан. Көмек көрсеткен мұғалімдер мен ата-аналарға ризашылығымызды білдіреміз.

«Мектепке жол акциясы» бойынша мектебімізге демеушіміз оқушыларымызға оқуға қажетті құрал – саймандар сыйлады.

Акцияның мақсаты: жаңа оқу жылына дайындық уақытында аз қамтамасыз етілген және көпбалалы отбасылардан шыққан оқушыларға қолдау көрсету; баланың әлеуметтік себептермен мектепке келмей қалуының алдын алу; жетім балаларға, ата – анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға, көп балалы, тұрмыс жағдайы төмен отбасыларына нақты көмек көрсету болып табылады.

№15 сайлау округінің депутаты – Смайылов Бауыржан Амангелдіұлынан С.Сейфуллин атындағы №80 мектеп-гимназиясына 10 рюкзак бөлінді. Халық банктен 1-ші сынып оқушылары үшін 10 сөмке, Евразиялық банктен 6 сөмке, әкелер кеңесінен 2 сөмке демеушілік көмек ретінде 2 сөмке берілді

Астана қаласы Сарыарқа әкімдігінен С.Сейфуллин атындағы №80 мектеп-гимназиясына 10 рюкзак бөлінді.



Оқушылар мен олардың ата-аналары кеңсе тауарлары салынған рюкзактар түріндегі сыйлықты қуанышпен және үлкен алғыспен қабылдады.

Оқушылар мен олардың ата-аналары кеңсе тауарлары салынған рюкзактар түріндегі сыйлықты қуанышпен және үлкен алғыспен қабылдады.

«Қамқоршылар күніне» арналған іс – шара өтті. Бұл мереке ата-ана махаббаты мен қамқорлығынсыз қалған балғындарды бауырына басып, асыл міндетті өз мойнына алған адамдарға құрмет білдіруге мүмкіндік береді. Шараға мектебіміздің қамқоршылары қатысты. Іс – шараның мақсаты: отбасы аясын дамытуға, отбасы құндылықтарын, дәстүрлерін жандандыруға, отбасы ынтымағын нығайтуға, жетім және ата – анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды тәрбиелеп отырған отбасыларға алғыс білдіру, құрметтеу. Мектебімізде 2024 – 2025 оқу жылында Шакирова Жибек Кенесовна, Булганбек Омирбик, Батталова Шайзада Абильмажитовна, Муратова Карина Гиниятовна, Темирбекова Айдана Омиржановна қамқоршылары бар. Қамқоршыларымызды мектебімізге шақырып, сый – құрмет көрсетіп алғысымызды білдірдік.



